

К. БЕРКИМБАЕВ¹, М. БЕКБОЛАТ¹, Г. МЕЙРБЕКОВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

✉ e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың икемді дағдыларын (soft skills) дамытуды инклюзивті оқыту негізінде дамытудың педагогикалық шарттары айқындалған. Икемді дағдылардың негізін оқушының қоғамға әлеуметтік бейімделуі, коммуникативтік қабілеті, сыни ойлауы мен креативтілігі, ынтымақтастықта білім алуына әсер ететін қабілеттер құрайды. Аталған дағдыларды инклюзивті білім беру үдерісінде дамыту оқушылардың тұлғалық даму ерекшеліктерін ескеріп, олардың басқалармен тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген оқыту әдістемелерін қажет етеді. Зерттеу аясында инклюзивті білім беруді дамытуға бағдарланған халықаралық ұйымдарда (Саламанка декларациясы, «Инклюзия жолы» стратегиясы, «Инклюзивті қоғамдарға арналған білім беру» жобасы) қабылданған құжаттар, шетелдерде іске асырылатын модельдер (Individualized Education Program (IEP), Three-Tier Support System, Individual educational plan (IEP), Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту кезеңдері туралы ақпарат мазмұндалған. Елімізде мүгедектікті қорғау бойынша атқарылатын іс-шараларының негізгі бағыттары айқындалған. Инклюзивті білім алатын оқушылар негізгі топтары мен олардың денсаулық ерекшеліктері қарастырылған. Халықаралық және отандық ғылымда инклюзивті білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, оларда икемді дағдыларды (soft skills) дамыту бойынша ғалымдардың еңбектері талданған. Зерттеушілердің инклюзивті білім берудің шарттары (психологиялық-педагогикалық, ұйымдастыру-педагогикалық, педагогикалық) туралы еңбектері зерделенген. Зерттеу аясында авторлық көзқарас тұрғысынан инклюзивті білім беруде икемді дағдыларды дамытудың педагогикалық шарттары анықталған.

Кілт сөздер: мектеп, оқушы, инклюзивті білім беру, икемді дағдылар, модель, педагогикалық шарт.

Кіріспе

Білім сапасы, оқытудың озық тәжірибелерін отандық білім беру үдерісіне үйлесімді кіріктіру ұлттық білім беру жүйесінің негізгі бағдары болып табылады. Бұл мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Беркимбаев К., Бекболат М., Мейрбекова Г. Инклюзивті білім беруде икемді дағдыларды дамытудың педагогикалық шарттары // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – Б. 5-16. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.01>

*Cite us correctly:

Berkimbaev K., Bekbolat M., Meirbekova G. Inkluzivti bilim berude ikemdi dagdylardy damytudyn pedagogikalıyq sharttary [Pedagogical Conditions for the Development of Soft Skills in Inclusive Education] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – B. 5-16. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.01>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.09.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» [1] деп атап көрсетілген. Барлық деңгейдегі білім сапасын арттыру инклюзивті оқытуды дамыту мәселелеріне де қатысты. «Инклюзия» ағылшын тілінен аударғанда (inclusive) – «қосу» дегенді білдіреді, француз тілінен (inclusif) - енгізілген. Ал латынша include - қорытындылаймын, қосамын дегенді білдіреді. Қазіргі кезде инклюзия сөзі тек білімге ғана емес, адамның қоғамдағы орнына деген жаңа көзқарасты көрсететін терминге айналады. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау мен оларға білім берудің басым саясатын анықтайтын әлемдік деңгейде бірқатар кең ауқымды іс шаралар ұйымдастырылып, құжаттар қабылданды.

Саламанкада 1994 жылы 92 Үкімет пен 25 халықаралық ұйымның үш жүзден астам қатысушымен өткен ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім берудің мәселелері туралы дүниежүзілік конференция аясында инклюзивті білім берудің негізін қалаған «Саламанка Декларациясы» [2] қабылданды. Бұл декларация бойынша инклюзивті білім берудегі негізгі басымдықтар: әр бала білім алуға құқылы және міндетті, әрбір бала дара қабілетке, қызығушылықтар мен қажеттіліктерге және оқуға мұқтаждықта; білім беруге оң әрі тиімді өзгерістер жасап, аталған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бейімдеу [2]. Инклюзивті білім берудің негізгі идеясы ерекше мұқтаждықты балалардың мектептердегі білім алу үрдісін сипаттайды.

ЮНЕСКО көзқарасы бойынша инклюзивті білім барлық балалардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге, балалардың осал топтарына инклюзивті білім беру олардың толық адами әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. ЮНЕСКО-ның бұл саладағы жұмысы бірінші кезекте ЮНЕСКО-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы конвенция» (1960 ж.), сондай-ақ орнықты дамудың 4-мақсатын және сапалы білім берудің негізі ретінде енгізу мен үлестік қатысуды ерекше атап өтетін «Білім беру 2030» (www.unesco.org/en/inclusion-education) іс-қимыл шеңберін басшылыққа алады.

БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) (www.unicef.org/education/inclusive-education) сапалы білім беруді насихаттайтын балаларға бағытталған мектептегі оқыту моделін алға тартады. 2025 жылы Еуропа мен Орталық Азия елдерінде 10,8 миллион мүгедек баланы инклюзивті қолдауға бағытталған «Инклюзия жолы» деп аталатын стратегияны ұсынды. Бұл құжатта жұмыстың негізгі басымдықтары анықталып, 2030 жылға қарай мүгедектігі бар балаларды институционализациялауды толығымен алып тастаудың ұзақ мерзімді мақсаты белгіленген. Ал, Дүниежүзілік банк (www.worldbank.org) мектептегі инклюзивтіліктің негізгі қағидасы барлық балалардың бар қиындықтар мен айырмашылықтарға қарамастан бірге оқу құқығы деген көзқарасты қолдайды. Инклюзивтілік негізгі мектепке қосымша ретінде қарастырылмауы тиіс. Бұл мектептің миссиясының, философиясының, құндылықтары мен қызметінің ажырамас бөлігі болуы маңызды.

ЭЫДҰ саясаты бойынша (www.oecd.org), балалардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру әркімнің құқықтары құрметтеліп, қорғалатын әділ әрі инклюзивті қоғам дамуының маңызды басым бағыты. ЭЫДҰ ұсынған «Инклюзивті қоғамдарға арналған білім беру (The Education for Inclusive Societies)» жобасы барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер мен инклюзивтік білім беру және тең құқықты әрі инклюзивті білім беру арқылы инклюзивті қоғамдарды тәрбиелеу бағыттарында білім беру мен саясатта бірқатар толықтырулар мен өзгерістер әзірлеуге бағытталған.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Оқушыларда икемді дағдыларды дамытудың қалыптасқан модельдеріне, тұжырымдамаларына байланысты дереккөздерді талдау, зерттеу материалдарын жүйелеу әдістері іске асырылды. Зерттеу мәселесін шешуге инклюзивті білім берудің теориялық, әдістемелік аспектілерін қамтитын іргелі зерттеу жұмыстарының негізгі нәтижелері пайдаланылды. Отандық және халықаралық ғылыми дерекқорларда тіркелген ғылыми

зерттеулер деректері қолданылды. Бұл мақала Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессор-зерттеуші бағдарламасы аясында дайындалды.

Талдау мен нәтижелер

Зерттеу барысында мектеп оқушыларына инклюзивті білім берудегі шетелдік модельдерге шолу жасалды. Шетелдік модельдер ерекше білім беру қажеттіліктеріне ие оқушылардың мектептердің білім беру үдерісіне кірігуі деңгейімен, оларды психологиялық-педагогикалық қолдау әдістемелерімен, философиялық тәсілдері арқылы ерекшеленеді.

Individualized Education Program (IEP) (АҚШ).

Арнайы білім беру қызметтерін алатын АҚШ білім алушылары қолдаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін жеке білім беру бағдарламасына құқылы [3]. АҚШ-та мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған алғашқы заң 1975 жылы қабылданды (АҚШ Конгресінің № 94-142 Заңы). Заң аясында заң мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрғылықты мекен жайларына таяу жердегі мемлекеттік мектептерде оқуға мүмкіндік берді. Заң бастапқыда «Барлық мүгедек балаларға арналған Білім туралы заң (Education for All Handicapped Children Act)» деп аталды, бірақ 1990 жылы оның атауы «Мүгедектерге білім беру туралы Заң (Individuals with Disabilities Education Act (IDEA))» болып өзгертілді. IDEA-ның маңызды ерекшеліктерінің бірі арнайы білім алу қажеттілігі бар әрбір баланың IEP деп аталатын жеке оқу жоспарын талап ету болды. IEP-бұл 3 пен 21 жас аралығындағы балаларға арналған Білім туралы құжат (Individualized Education Plan). IEP баланың жеткілікті білім алуына қажетті мақсаттарды, ұсынылатын қызметтерді қамтиды. Әдеттегі IEP келесілерді қамтиды: - ағымдағы үлгерімді бағалау; - алдағы оқу жылына арналған мақсат-міндеттер; жоспарланған білім берудің мақсаттарына жету нәтижелерін өлшейтін уақыт кестесі мен прогресті бағалау сипаттамасы; - мақсаттарға жетуге қажетті арнайы оқыту және ілеспе қызметтер туралы нұсқаулық. IDEA IEP құраушыларын анықтағанымен, заң аясында әрбір Штатқа IEP-ке енгізілуі маңызды процедураларды, форматтар мен қосымша деректерді дербес анықтау мүмкіндігі қарастырылған [4].

Three-Tier Support System (Финляндия)


Финдік білім беру жүйесінің негізгі элементтерінің бірі, оны инклюзивті етеді, бұл арнайы білімге қатысты икемділік [5]. 20-шы ғасырдың аяғы мен 2000-шы жылдардың басында Финляндияда инклюзия тұжырымдамасына қатысты елеулі реформалар жүргізілді, бұл 1998 жылы басталған Негізгі Білім Туралы Заң арқылы ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды күндізгі арнайы білім беру сыныптарынан негізгі сыныптарға ауыстыруға мүмкіндік берді [6]. Финляндияның ресми түрде *Оқыту мен мектепте оқытуды қолдау (Three-Tier Support System)* деп аталатын үш деңгейлі қолдау жүйесі 2007 жылғы Арнайы білім беру Стратегиясында белгіленген ұсыныстар мен негіздердің өнімі ретінде 2011 жылы құрылған. Жүйе біртіндеп күшейетін үш деңгейден тұрады, атап айтқанда жалпы, күшейтілген және арнайы қолдау. Бір деңгейден екінші деңгейге өту кезіндегі қарқындылық деңгейі, ең алдымен, педагогикалық бағалау мен бағалау үдерістеріне негізделген [7].

IEP (Individual educational plan, Италия)

Италияның №517 Заңы (1977 жыл) 6 мен 14 жас аралығындағы бастауыш және «аралық» мектептердегі барлық мүгедек оқушылар қамтылуы керек деген қағиданы белгіледі. № 517 заңға сәйкес, кез-келген инклюзивті білім беретін мұғалім оқу циклінің басында оқу процесіне көмектесетін оқушының аты-жөні жазылған арнайы құжат алады. PEI (Жеке оқу жоспарлары) – бұл 104/92 Заңының 12-бабының алғашқы төрт тармағында айтылған білім беру және оқу құқығын жүзеге асыру мақсатында белгілі бір уақыт аралығында мүмкіндігі шектеулі оқушыға дайындалған іс-шараларды сипаттайтын құжат (Италия Президентінің 24.02.1994 ж. Жарлығы-5-бап). Жеке оқу жоспары келесілерді қамтиды: бір немесе бірнеше жыл ішінде қол жеткізуге болатын жеке білім беру мақсаттары; ұсынылатын іс-шаралар; ең қолайлы деп саналатын әдістер; қолданылатын жоспарланған араласулар; араласу ұсыныстарын дайындау үшін қажетті материалдар мен көмекші құралдар; қызметтер, адамдар, іс-шаралар, жабдықтар

сияқты мектепте және одан тыс жерлерде қолжетімді бар ресурстарды көрсету; PEI тексеру нысандары мен әдістері және бағалау [8].


Елімізде осы бағытта атқарылған іс-шараларды жалпы төрт кезеңде қарастыруға болады (1-сурет).



1-сурет – Қазақстан Республикасында мүгедектікті қорғау іс-шараларының кезеңдері

1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды қолдау мен ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін заңнамалық актілер (<https://adilet.zan.kz>) мен жоспарлар, бағдарламалар, тұжырымдамалар қабылданып, ұлттық және аймақтық деңгейлерде технологиялық шешімдер белсенді іске асырылуда (2-сурет).

Қабылданған заңнамалар тегін білім беру, медициналық ұйымдарда кәсіби ем алу, материалдық көмек, әлеуметтік қолдау алу құқықтарын қарастырды [9].



2-сурет – Мүгедектікті қорғау іс-шараларының негізгі бағыттары

Қазіргі инклюзивті білім алатын оқушылар келесі негізгі топтарға жіктеледі: ерте аутизмді балалар, көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар және зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалар (1-кесте).

1-кесте – Инклюзивті білім алатын топтағы оқушылар

Ауытқушылық түрі	Денсаулық ерекшеліктері
Ерте аутизмді балалар	- бала көзін тігіп, тікелей «көзбе-көз» қарай алмайды; - қуаныш сезімін байқатпайды, эмоцияларын көрсетуі әлсіз; - жақын адамдарын таниды, бірақ ұзақ эмоциялық әрекет байқалмайды; - жайсыздыққа көзқарасы оғаш және т.б.
Көру қабілеті	- соқырлық, көру нашарлығы, қылилық;
Есту қабілеті	- естімеу немесе нашар есту;
Сөйлеу қабілеттері	- сөйлеу және психикалық дамудың тежелуі, невротикалық, астеноневротикалық, психопатиялық жағдайларға бейімділік, эмоционалды-әрекеттік бұзылыс; - сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД), тұтығу;
Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар	- орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы (мидың зақымдануы, жұлынның зақымдануы, өткізгіш жүйке жолдарының зақымдануы); - тірек-қимыл аппаратының туа біткен патологиясы; тіл күрмелу, ағза әлсіздігі және т.б.
Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалар	- ақыл-ой кемістігі; - олигофрения; - деменция; - психикалық дамудың тежелуі және т.б.

Ағымдағы инклюзивті білім беру тренді жеке тұлғаның құндылықтарын бірінші орынға қояды: сәйкестілік, мәдениет, талант, қабілет, қызығушылық және қажеттілік [10] және инклюзивті білім беру тұлғаға бағытталған, дербестендірілген білім беру тұжырымдамаларымен біріктірілген [11]. Дегенмен, қазіргі кезде зерттеуші ғалымдар тарапынан инклюзивті білім беруде тұлғаның икемді дағдыларын дамытуға қызығушылық артып келеді.

Икемді дағдылар технологиялық прогресс, жаһандану және геосаяси тұрақсыздық сияқты жүйелік қиындықтардан туындаған білім беру жүйесінің бұзылуына жауап ретінде [12] оқу бағдарламаларын әзірлеудің ажырамас бөлігіне айналуға.

Қазіргі кезде халықаралық және отандық ғылымда инклюзивті білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, оларда икемді дағдыларды (soft skills) дамыту бойынша көптеген іргелі ғылыми зерттеулердің тәжірибелері іске асырылып, модельдері, әдістемелері әзірленген.

К. Peiris, R. Nelaka, K. Manathunga зерттеулері [13] аутизм спектрінің бұзылуы (АСД) баланың әлеуметтік өзара іс-қимылды бағдарлау, эмоцияларды реттеу, күнделікті жұмыс істеу үшін шешуші мәнге ие бейімделу дағдыларын дамыту қабілетіне айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Дегенмен, танымдық және академиялық дағдыларды шешу үшін әртүрлі іс-шаралар болғанымен, қарым-қатынас, эмоциялық реттеу, әлеуметтік өзара іс-қимыл, шығармашылық сияқты икемді дағдыларды дамыту әлі де жеткілікті зерттеуді қажет етеді.

Аталған зерттеушілер қолданған Mind Champ платформасы оқытуға да, дамытуға да бағытталған. Mind Champ платформасының жетілдірілген нұсқасы кешенді технологиялық шешімді ұсыну үшін мінез-құлық пен эмоционалды талдаудың озық әдістерін қолданады. Сурет салуға және музыкаға бағытталған интерактивті әрекеттер арқылы платформа АСД бар балалардың бірегей қажеттіліктеріне бейімделген құрылымдық, тартымды және қолдау ортасы ұсынылған. Эмоционалды белсенділік пен шығармашылық өзін-өзі көрсетуге басымдық бере отырып, платформа балаларға әлеуметтік қабілеттерін, эмоционалды

реттелуін және бейімделуін жақсартуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері бойынша технологиялық араласулар аутизмі бар балаларда икемді дағдылардың тұтас дамуына айтарлықтай үлес қосып, оларға әлеуметтік ортада тиімдірек бағдарлау үшін құнды құралдарды ұсынатынын көрсетті.

Д.З. Ахметованың тұжырымдауынша [14], инклюзивті білім беру жүйесінің заманауи педагогтары инклюзивті білім беруді цифрландыруды педагогикалық қолдауды ұйымдастыру ерекшеліктерін түсінулері маңызды, атап айтқанда:

- инклюзивті білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу процесінде оқушыларға қолдау көрсету және жәрдемдесу, «педагог - оқушы - ата-ана» жүйесінде тұлғааралық байланысты жүзеге асыру;

- цифрлық технологияларды таңдау кезінде мүмкіндігі шектеулі және мүгедек адамдардың психикалық және психикалық бұзылу деңгейін ескеру;

- білім беруді цифрландыру процесінде құзыреттер мен жеке жетістіктерді қалыптастыруға ықпал ету;

- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың белгілі бір цифрлық технологияға сәтті бейімделуі үшін жағдай жасау және мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік өмірге сәтті кірігуіне бағытталған әлеуметтік функцияларды іске асыру;

- цифрлық технологияларды пайдаланып, инклюзивті білім беру ортасын жобалау кезінде мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру.

К. Tsirkas тұжырымдауынша қарым-қатынас, топтық жұмыс, бейімделу, эмоционалды интеллект және проблемаларды шешу сияқты икемді дағдылар жұмыс орындарында көбірек бағаланады. Дегенмен, олар білім беру мен кәсіптік даярлықта жиі назардан тыс қалады. Дербестендірілген тәсілдерді біріктіру арқылы инклюзивті, эмпатикалық және тиімді көшбасшылықты қамтамасыз етіп [15], технологияны меңгерудің адами ынтымақтастықпен толықтырылуын қамтамасыз етуге болады.

Е. Cerezo, С.С. González-González, С. Bonillo зерттеуінде [16] зейін тапшылығы гиперактивтілігінің бұзылуы (ЗТГБ) бар балалардың икемді дағдыларын бірлескен дизайн арқылы дамытудың пилоттық тәжірибесі ұсынылған.

ЗТГБ бар балалар тобы үстел үстіндегі дәстүрлі ойыншықтарды физикалық манипуляциялауға негізделген материалдық үстел үсті NIKVision планшетін пайдаланып ойынды бірлескен ойындарды іске асырған. Нәтижелер көрсеткендей, қолданылған стратегияларсеанстар барысында қарым-қатынас, ынтымақтастық және шығармашылық тұрғысынан жағымды мінез-құлыққа ықпал еткендігі байқалған.

Мектепте инклюзивті білім беруді іске асыруда психологиялық жайлы орта қалыптастыру, оқыту әдістерін іріктеу, оқытудың тиімді формаларын қолдану, қажетті оқыту құралдарымен қамтамасыз ету мен білім беру үдерісіне қатысушылардың (мұғалім, психолог, дефектолог, ата-ана және т.б.) өзара ынтымақтастықта кәсіби қызмет етулері маңызды. Инклюзивті білім берудің нәтижелі болуы білім беруді дербестендіруге, әрбір баланың психологиялық, физикалық ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бағытталған адаптивті білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тікелей байланысты [16].

Инклюзивті білім беру оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді іске асыруда икемді дағдыларды дамытуға да баса назар аудару қажет. Осы орайда, инклюзивті білім беруде икемді дағдыларды (soft skills) дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау үшін инклюзивті білім берудің ұйымдастыру, психологиялық, педагогикалық шарттары анықталған ғалымдардың еңбектерін қарастырайық (2-кесте).

2-кесте – Инклюзивті білім берудің шарттары

Шарттар 1	Шарт мазмұны 2	Автор 3
Психологиялық-педагогикалық шарттар	- педагогикалық қамтамасыз ету (оқу мақсаттарына қол жеткізу бойынша педагог пен баланың толыққанды өзара іс-қимылын жүзеге асыру үшін ресурстық жағдайлар жасау); - педагогикалық сүйемелдеу (педагог пен баланың тікелей өзара әрекеттесуі, бұл педагогикалық процесті ұйымдастырудың ерекше тәсілі).	Баранова О.И. Психолого-педагогические условия инклюзивного образования // Историческая и социально-образовательная мысль. – 2016. – Т. 8. – №5-3. – С. 30-33.
Психологиялық-педагогикалық шарттар	- түзету жұмысын ерте бастау; қолайлы отбасылық ахуал және білім беру мекемесінің отбасымен тығыз өзара байланысы; - психофизикалық дамуды түзетуді қажет ететін оқушылардың жас кезеңдеріне және шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес адекватты оқу бағдарламалары мен әдістерін қолдану.	Карибаев Ж. Дамуында ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2022. – Т.71. – №2.
Ұйымдастыру-педагогикалық шарттар	- әлеуметтік өзара әрекеттесуді күшейтуге негізделген проблемалық іздеу әдісін қолдану; - білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын өзара құрметтеу, толеранттылық, өзара көмек, бір-бірінен үйрену мүмкіндігі, өзіне және басқа адамдарға көмектесу мүмкіндігі; - оқу үдерісіндегі ынтымақтастық; - мектеп педагогтерін ғылыми-әдістемелік қолдау; - мүмкіндігі шектеулі балаларға жұртшылықтың көзқарасын өзгерту; - мүмкіндігі шектеулі адамдардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту бағдарламаларын әзірлеу.	Цыренов В.Ц. Организационно-педагогические условия реализации инклюзивного образования // OrientalStudies. – 2014. – №2. – С. 163–169.
Психологиялық педагогикалық шарттар	- қолайлы эмоционалды фонды қалыптастыру, баланың эмоционалды үдерістерін дамыту, оның ішінде оның эмоционалды сезімталдығы мен қабылдауын дамыту.	Посевина М.В. Психолого-педагогические условия инклюзивного образования детей дошкольного возраста с тяжёлыми нарушениями речи // Педагогический опыт: теория, методика, практика. – 2017. – №1-2. – С. 199-201.
Психологиялық педагогикалық шарттар	- білім беру процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастығы аясында балаларды сүйемелдеу; - балаларды оқытуға дайындықты, мектептегі жетілу деңгейін арттыруды, оқушының ішкі ұстанымын жандандыруды, оқу және оқу іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты мақсатты ұйымдастыру; - балаларға арналған түзету-дамыту бағдарламасын әзірлеу және енгізу.	Ертаева И.К., Касенева А.Н. Психолого-педагогические условия готовности детей дошкольного возраста к обучению в условиях инклюзивного образования. Педагогикалық ғылым және практика. – 2021. – №2(32). – Б. 30-36.

1	2	3
Психологиялық педагогикалық шарттар	- педагог кадрларды кәсіби даярлау үшін қолайлы жағдайлар жасау; - мүмкіндігі шектеулі және мүмкіндігі шектеулі емес балалары бар ата-аналардың аралас сыныптарда балаларды оқытуға психологиялық дайындығын қамтамасыз ету; - өз құрдастарында мүгедек оқушылар туралы әлеуметтік стереотиптердің бөлінуіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету; - инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы мен регламенттерін әзірлеу.	Ажинова А.Э. Инклюзивное образование: барьеры внедрения и психолого-педагогические условия успешной реализации // Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. Серия: Филология, педагогика, психология. – 2019. – №2. – С. 93-101.
Педагогикалық шарттар	- мектеп педагогтерінің қажетті кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы менинклюзивті бейімделген білім беру ортасын қамтамасыз ету; - баламен түзету-педагогикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу, отбасымен тығыз байланыс орнату және инклюзивті оқытуға дейін ерекше оқушыда негізгі әлеуметтік дағдылар қалыптасқан болуы; - сыныптастардың түсіністік пен қолдауларын қалыптастыруға бағытталған шараларды іске асыру.	Сивашинская Е.Ф. Педагогические условия инклюзивного образования детей с синдромом Аспергера. // Вестник Брестского университета. Серия 3: Филология. Педагогика. Психология. Брестский государственный университет им. А.С.Пушкина. – 2014. – №2. – С. 74-79.
Педагогикалық шарттар	- оқу процесін бейімдейтін және дараландыратын ассистивті технологияларды қолдану; - оқу бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету;	Шевелева Д.Е. Педагогические условия инклюзивного образования: ассистивные технологии для детей с ограниченными возможностями здоровья // Коррекционно-педагогическое образование. – 2024. – №4 (40). – С. 20-39.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың тұжырымдары мен 2-кестеде келтірілген шарттарды талқылау негізінде келесідей тұжырымдар жасалды:

- *психологиялық-педагогикалық шарттар* инклюзивті білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттестікке негізделген психологиялық жайлы орта құруды, эмоционалды қолдау мен баланың жеке психофизикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып, бейімделген бағдарламаларды әзірлеп қолдануды қажет етеді. Сондай-ақ, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатып, педагогтер мен ата-аналардың психологиялық дайындығының болуы инклюзивті білім берудің негізгі шарттарының бірі.

- *ұйымдастыру-педагогикалық шарттар* бойынша оқушылардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін күшейту, қарым-қатынастағы толеранттылықты қамтамасыз ету, инклюзивті мәдениетті дамытып, қоғамның инклюзивті білім алатын балаларға көзқарасын өзгерту бағытында іс-шараларды іске асыру, регламенттеу маңызды. Сонымен қатар, инклюзивті білім беретін педагогтарды ғалым зерттеушілер, әдіскерлер тарапынан ғылыми-әдістемелік қолдау, өзара серіктестікті дамыту да маңызды рөл атқарады.

- *педагогикалық шарттар* аясында инклюзивті білім беруді іске асыратын педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, бейімделген білім беру ортасымен қамтамасыз ету және оқытуды дербестендіру мен бейімдеу үшін ассистивті технологияларды енгізу, оқу бағдарламаларының вариативтілігін арттыру қарастырылған [17].

Инклюзивті білім берудің модельдерін, зерттеушілер тарапынан ұсынылған теориялар мен әдістемелерді зерделеу барысында авторлар тарапынан инклюзивті білім беруде икемді дағдыларды дамытудың педагогикалық шарттары келесідей анықталды:

- білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің жайлы оқу ортасын (материалдық, қоғамдық, рухани) қалыптастыру, инклюзивті білім беруді цифрлық қолдау платформаларын әзілеу;
- инклюзивті білім беру іс-шараларын ұйымдастырудың көпвекторлы әдістемелерін әзірлеу мен оны іске асыруды регламенттеу;
- ғалым зерттеушілер, әдіскерлер тарапынан инклюзивті білім беретін педагогтарды ғылыми-әдістемелік қолдау, өзара серіктестікті дамыту, педагогтарды инклюзивті білім берудің ұлттық, халықаралық жобаларына тарту және т.б.

Жоғарыда анықталған инклюзивті білім берудің педагогикалық шарттары білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық әлеуетіне, ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың контингентіне байланысты толықтырылып, өзгертілуі мүмкін. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған тұжырымдар білім беруде инклюзивті оқыту тәжірибесін дамытуға, оқушылардың икемді дағдыларының дамытуға оң ықпал ететін әдістемелік негіз бола алады.

Қорытынды

Инклюзивті оқыту ортасында оқушылардың икемді дағдыларын дамыту баршаға арналған тең білім беру басымдықтарының бірі. Инклюзивті білім беру педагогтардың әрбір оқушының жеке тұлғалық және физикалық ерекшеліктеріне назар аудару арқылы білім берудің көпвекторлы әдістемелерін іске асыруды қажет етеді. Зерттеу нәтижелерінде айқындалғандай бұл үдерісті іске асырудың тиімділігін оқытуды озық тәжірибелер негізінде регламенттеу, оқыту мазмұнын бейімдеу, жайлы білім беру (материалдық, қоғамдық және рухани) ортасын қамтамасыз ету, білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттестігінің үйлесімді формаларын іске асыру, инклюзивті білім беруді дамыту бойынша ғалымдар мен педагог-әдіскерлердің бірлескен ғылыми жобаларын іске асыру және т.б. педагогикалық шарттардың кең ауқымды кешенін іске асыру маңызды. Ұсынылған педагогикалық шарттар аясында оқушылардың қоғамға бейімделуін, коммуникативтік дағдыларын, сыни тұрғыда ойлау, креативтілік сияқты қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (BR28713097 «Креативті тәрбие мен STEM білімді интеграциялау негізінде оқушылардың икемді дағдыларын қалыптастыру: теориялық-әдіснамалық негіздері, инновациялық-практикалық іске асыру тәсілдері»).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz> (қаралған күні 14.07.25)
2. Саламанская декларация. [Электронды ресурс]. URL: https://vku.edu.kz/wp-content/uploads/2024/10/Salamanskaya_deklaraziya.pdf (қаралған күні 14.07.25)
3. McKenna J.W. et al. Characteristics of individualized education programs for students with learning disabilities: A systematic review // Learning Disability Quarterly. – 2024. – Т. 47. – №3. – P. 194–207.
4. Musyoka M.M., Diane Clark M. Teachers' perceptions of individualized education program (IEP) goals and related services // Journal of Developmental and Physical Disabilities. – 2017. – Т. 29. – №1. – P. 5–23.
5. Törmänen, Minna. Inclusive Education in Finland // Education. – 2019. – №32(3). – P. 437–451.
6. Honkasilta J., Pihlaja P., Pesonen H. The state of inclusion in the state of inclusion? Inclusion as principled practice in Finnish basic education // In: Disability, Happiness and the Welfare State: Finland and the Nordic Model / Eds. H. Katsui, M.T. Laitinen. – Routledge, 2024. – P. 83–110.

7. Pandian S.K. An Analysis of the Intention and Implementation of the Three-Tier Support System in a Major City in Finland: Insights from a Municipality Official. – 2024. – 65 p. <https://helda.helsinki.fi/server/api/core/bitstreams/3a7264a3-dd13-46c1-a1be-41fcd0d778f3/content>
8. Рогачева Е.Ю. В диалоге об инклюзивном образовании // Вестник Владимирского государственного университета имени Александра Григорьевича и Николая Григорьевича Столетовых. Серия: Педагогические и психологические науки. – 2024. – №48. – С. 38–46.
9. Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту. – Астана: Қазақстан Республикасындағы БҰҰ балалар қоры (ЮНИСЕФ), 2014. – 108 б.
10. Štech S., Smetáčková I. Teacher and parental views on inclusive education policy lending in the Czech Republic // European Journal of Education. – 2023. – Т. 58. – №2. – P. 233–244.
11. Koutsouris G., Bremner N., Stentiford L. Do we have to rethink inclusive pedagogies for secondary schools? A critical systematic review of the international literature // British Educational Research Journal. – 2024. – Т. 50, №1. – P. 260–286.
12. Piyas M., Matsyah A., Ismail Z. Exploring the proficiency of dayah's teaching and educational staff for sustainable development in Aceh // Idarah: Jurnal Pendidikan dan Kependidikan. – 2023. – Т. 7, №1. – С. 53–68.
13. Peiris K., Nelaka R., Manathunga K. Enhancing Soft Skills in Autistic Children: The Next Generation of Mind Champ's Technological Approach // 2024 6th International Conference on Advancements in Computing (ICAC). – IEEE, 2024. – P. 396–401.
14. Ахметова Д.З., Тимирясова А.В., Морозова И.Г. и др. Инклюзивное образование как педагогическая инновация. – Казань: Изд-во «Познание» Казанского инновационного университета, 2022. – 228 с.
15. Tsirkas K. Understanding and Using Soft Skills for Autistic People // Empowering Innovations in Advanced Autism Research and Management. – IGI Global Scientific Publishing, 2025. – P. 333–348.
16. Cerezo E., González-González C.S., Bonillo C. Empowering soft skills in children with ADHD through the co-creation of tangible tabletop games // Universal Access in the Information Society. – 2024. – Т. 23, №1. – P. 3–21.
17. Ниязова Г., Беркимбаев К., Мейрбекова Г. Икемді дағдылардың құраушылары және психологиялық сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 200–214.

REFERENCES

1. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн 2023 zhylygy 1 qyrkuiektegi «Adiletти Qazaqstannyn ekonomikalyq bagdary» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy [Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan “Economic orientation of a just Kazakhstan” dated September 1, 2023]. [Electronic resource]. URL: <https://www.akorda.kz> (date of access 14.07.25) [in Kazakh]
2. Salamanskaia deklaracia [The Salamanca Declaration]. [Electronic resource]. URL: https://vku.edu.kz/wp-content/uploads/2024/10/Salamanskaya_deklaraziya.pdf (date of access 14.07.25) [in Russian]
3. McKenna J.W. et al. Characteristics of individualized education programs for students with learning disabilities: A systematic review // Learning Disability Quarterly. – 2024. – Т. 47. – №3. – P. 194–207.
4. Musyoka M.M., Diane Clark M. Teachers’ perceptions of individualized education program (IEP) goals and related services // Journal of Developmental and Physical Disabilities. – 2017. – Т. 29. – №1. – P. 5–23.
5. Törmänen, Minna. Inclusive Education in Finland // Education. – 2019. – №32(3). – P. 437–451.
6. Honkasilta J., Pihlaja P., Pesonen H. The state of inclusion in the state of inclusion? Inclusion as principled practice in Finnish basic education // In: Disability, Happiness and the Welfare State: Finland and the Nordic Model / Eds. H. Katsui, M.T. Laitinen. – Routledge, 2024. – P. 83–110.
7. Pandian S.K. An Analysis of the Intention and Implementation of the Three-Tier Support System in a Major City in Finland: Insights from a Municipality Official. – 2024. – 65 p. <https://helda.helsinki.fi/server/api/core/bitstreams/3a7264a3-dd13-46c1-a1be-41fcd0d778f3/content>
8. Rogacheva E.Iu. V dialoge ob inkluzivnom obrazovanii [In the dialogue on inclusive education] // Vestnik Vladimirskogo gosudarstvennogo universiteta imeni Aleksandra Grigorievicha i Nikolaia Grigorievicha Stoletovyh. Seria: Pedagogicheskie i psihologicheskie nauki. – 2024. – №48. – S. 38–46.

9. Mugeđektigi bar balalardyn zhagđaiyna talđau: Qazaqstan Respublikasynda inkluzivti qogamdy damyту [Analysis of the situation of children with disabilities: development of an inclusive society in the Republic of Kazakhstan]. – Astana: Qazaqstan Respublikasyndagy BUU balalar qory (IuNISEF), 2014. – 108 b. [in Kazakh]
10. Štech S., Smetáčková I. Teacher and parental views on inclusive education policy lending in the Czech Republic // European Journal of Education. – 2023. – T. 58. – №2. – P. 233–244.
11. Koutsouris G., Bremner N., Stentiford L. Do we have to rethink inclusive pedagogies for secondary schools? A critical systematic review of the international literature // British Educational Research Journal. – 2024. – T. 50, №1. – P. 260–286.
12. Ilyas M., Matsyah A., Ismail Z. Exploring the proficiency of dayah's teaching and educational staff for sustainable development in Aceh // Idarah: Jurnal Pendidikan dan Kependidikan. – 2023. – T. 7, №1. – S. 53–68.
13. Peiris K., Nelaka R., Manathunga K. Enhancing Soft Skills in Autistic Children: The Next Generation of Mind Champ's Technological Approach // 2024 6th International Conference on Advancements in Computing (ICAC). – IEEE, 2024. – P. 396–401.
14. Ahmetova D.Z., Timiriasova A.V., Morozova I.G. i dr. Inkluzivnoe obrazovanie kak pedagogicheskaja innovacia [Inclusive education as a pedagogical innovation]. – Kazan': Izd-vo «Poznanie» Kazanskogo innovacionnogo universiteta, 2022. – 228 s. [in Russian]
15. Tsirkas K. Understanding and Using Soft Skills for Autistic People // Empowering Innovations in Advanced Autism Research and Management. – IGI Global Scientific Publishing, 2025. – P. 333–348.
16. Cerezo E., González-González C.S., Bonillo C. Empowering soft skills in children with ADHD through the co-creation of tangible tabletop games // Universal Access in the Information Society. – 2024. – T. 23, №1. – P. 3–21.
17. Niazova G., Berkimbaev K., Meirbekova G. Ikemdi dagdylardyn quraushylary zhane psihologialyq sipaty [Components and psychological character of flexible skills] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1(127). – B. 200–214. [in Kazakh]

Pedagogical Conditions for the Development of Soft Skills in Inclusive Education

Abstract. This article defines the pedagogical conditions for the development of soft skills of students based on inclusive learning. Soft skills are based on the student's social adaptation to society, communication skills, critical thinking and creativity, and abilities that influence learning in collaboration. The development of these skills in the process of inclusive education requires scientifically sound teaching methods that take into account the characteristics of students' personal development and provide them with equal opportunities to acquire knowledge with others. The study examines documents («Salamanca Declaration», «The Path of Inclusion» strategy, «The Education for Inclusive Societies» Project) adopted in international organizations on the development of inclusive education, models (Individualized Education Program (IEP), Three-Tier Support System, Individual educational plan (IEP) implemented abroad, and stages of the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan. The main directions of disability protection measures carried out in the country have been identified. The main groups of students receiving inclusive education and the peculiarities of their health are considered. The works of scientists on the education and upbringing of inclusive students in international and domestic science, and the development of their soft skills are analyzed. The works of researchers on the conditions of inclusive education (psychological and pedagogical, organizational and pedagogical, pedagogical) have been studied. The research defines the pedagogical conditions for the development of soft skills in inclusive education from the author's point of view.

Keywords: school, student, inclusive education, soft skills, model, pedagogical conditions.

Педагогические условия развития гибких навыков в инклюзивном образовании

Аннотация. В данной статье определены педагогические условия развития гибких навыков учащихся (soft skills) на основе инклюзивного обучения. Основу гибких навыков составляют социальная адаптация учащегося к обществу, коммуникативные способности, критическое мышление и креативность, способности, влияющие на обучение в сотрудничестве. Развитие данных навыков в процессе инклюзивного образования требует научно обоснованных методик обучения, учитывающих

особенности личностного развития учащихся и обеспечивающих им равные со всеми возможности получения знаний. В рамках исследования рассмотрены принятые в международных организациях документы («Саламанкская декларация», стратегия «Путь инклюзии», проект «Образование для инклюзивных обществ») по развитию инклюзивного образования, модели (Individualized Education Program (IEP), Three-Tier Support System, Individual educational plan (IEP) реализуемые за рубежом, этапы развития инклюзивного образования в Республике Казахстан. Определены основные направления проводимых в стране мероприятий по защите инвалидности. Рассмотрены основные группы учащихся, получающих инклюзивное образование, и особенности их здоровья. Проанализированы труды ученых по обучению и воспитанию инклюзивных обучающихся в международной и отечественной науке, развитию у них гибких навыков (soft skills). Изучены труды исследователей об условиях инклюзивного образования (психолого-педагогическое, организационно-педагогическое, педагогическое). В рамках исследования определена авторская позиция в отношении педагогических условий развития гибких навыков в инклюзивном образовании.

Ключевые слова: школа, ученик, инклюзивное образование, гибкие навыки, модель, педагогические условия.

Авторлар туралы мәлімет

Беркимбаев К. – корреспондент-автор, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессор-зерттеушісі, e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz, Қазақстан, Түркістан қ.

Бекболат М. – PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz, Қазақстан, Түркістан қ.

Мейрбекова Г. – PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: gulmira.meirbekova@ayu.edu.kz, Қазақстан, Түркістан қ.

Information about the authors

Berkimbaev K. – The Corresponding Author, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Professor-researcher of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz, Kazakhstan, Turkistan.

Bekbolat M. – PhD Doctoral Student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz, Kazakhstan, Turkistan.

Meirbekova G. – PhD, Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: gulmira.meirbekova@ayu.edu.kz, Kazakhstan, Turkistan.

Сведения об авторах

Беркимбаев К. – автор-корреспондент, доктор педагогических наук, профессор, профессор-исследователь Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz, Казахстан, г. Туркестан.

Бекболат М. – PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, e-mail: marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz, Казахстан, г. Туркестан.

Мейрбекова Г. – PhD, старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, e-mail: gulmira.meirbekova@ayu.edu.kz, Казахстан, г. Туркестан.